

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 5 мамыр N 47-II

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ ССР Жоғарғы Советі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., N 14 (қосымша); N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1997 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 146, 152-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 208-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 13, 194-құжат; N 14, 201-құжат; N 22, 310-құжат; 1999 ж., N 15, 595-құжат; N 20, 721, 727-құжаттар; N 23, 916, 931-құжаттар):

52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Бөтен біреудің мүлкін ұсақ-түйек ұрлау

Меншік құқығында ұйымға тиесілі немесе оның қарамағындағы бөтен біреудің мүлкін ұрлау, алаяқтық жасау, иемденіп алу, жұмсап қою жолымен жасалған ұсақ-түйек ұрлау, -

зандарда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшеріне дейін айыппұл салуға, ал егер істің мән-жайы бойынша бұл шараны қолдану жеткіліксіз деп танылса, - он тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Ұсақ-түйек ұрлауды:

- 1) бір топ адамның;
- 2) бірнеше рет қайталап;

3) тұрғын үйге, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кіру арқылы жасауы, -

зандарда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің отызы еселенген мөлшеріне дейін айыппұл салуға не он тәуліктен он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Ескерту. Егер ұрланған мүліктің құны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен аспайтын болса, бөтен біреудің мүлкін ұрлау ұсақ-түйек ұрлау деп танылады".

2. "Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Z970188_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 276-құжат):

1) 4-бапта:

2) тармақшада "Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша "мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін "және ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 10-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Заңның талаптарына сәйкес сот сараптамасын жүргізу бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.";

3) 15-баптың екінші тармағында "Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 17-баптың 1-тармағында "бекітетін ережеге" деген сөздер "бекітетін ережелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 18-баптың 1-тармағында "бекітken тиісті ережемен" деген сөздер "бекітетін ережелермен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 19-баптың 1 және 2-тармақтарында "Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 20-бапта "Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы" деген сөздер "білім және ғылым саласындағы уәкілетті органды" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 22-баптың 3-тармағында:

"респубикалық бюджетке" деген сөздерден кейін "есептеледі" деген сөзбелен толықтырылсын;

"иелігіне түседі" деген сөздер "шотына есептеледі" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 1997 жылғы 16 шілдедегі K970167_ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-күжат; 1998 ж., N 16, 219-күжат; N 17-18, 225-күжат; 1999 ж., N 20, 721-күжат; N 21, 774-күжат):

1) 12-бапта:

бірінші бөлік "Қылмыстардың жиынтығында адам" деген сөздерден кейін ", егер жасалған әрекеттердің белгілері осы Кодектің бір бабының немесе бабының бір белігінің неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "Адам қылмыстардың мұндай жиынтығында, егер бір әрекеттің белгілері осы Кодекс бабының басқа әрекет үшін неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса, әрбір қылмыс үшін осы Кодектің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауапқа тартылады." деген сөйлеммен толықтырылсын;

2) 42-баптың екінші бөлігінде:

"бас бостандығын шектеумен", "бас бостандығын шектеудің" деген сөздерден кейінгі "немесе" деген сөз алып тасталып, үтір қойылсын;

"қамауға алушмен" деген сөздерден кейін "немесе бас бостандығынан айырумен" деген сөздермен толықтырылсын;

"46" деген цифран кейін "және 48" деген цифмен толықтырылсын;

"уақыты бас бостандығын шектеудің немесе тұтқындаудың бір күнін қоғамдық жұмыстардың сегіз сағатына есептеумен есептеледі" деген сөздер "уақытын есептеген кезде, бас бостандығын шектеудің немесе қамауға алуудың немесе бас бостандығынан айырудың бір күні қоғамдық жұмыстардың төрт сағатына есептеледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 48-бапта:

үшінші бөлік "Түзеу жұмыстарын" деген сөздердің алдынан "Қоғамдық жұмыстарға тартуды," деген сөздермен толықтырылып, "Түзеу" деген сөз кіші әріппен жазылсын;

бесінші бөліктің б) тармақшасындағы "жеті жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға" деген сөздерден кейін "және қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бас бостандығын шектеу алты ай мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 61-баптың г) тармағындағы "сегіз" деген сөз "төрт" деген сөзben ауыстырылсын;

5) 62-баптың үшінші бөлігіндегі "сегіз" деген сөз "төрт" деген сөзben ауыстырылсын;

6) 65-баптың екінші бөлігіндегі "адамды сот" деген сөздер "адам" деген сөзben, "босатуы" деген сөз "босатылуы" деген сөзben ауыстырылсын;

7) 78-баптың бірінші бөлігіндегі "осы тараудың" деген сөздер "осы бөлімнің" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 8) 79-баптың бесінші, алтыншы және жетінші бөліктеріндегі "толмай сottалған" деген сөздер "толмаған" деген сөзben ауыстырылсын;
- 9) 95-баптың бірінші бөлігіндегі "88-бабының бірінші бөлігінде" деген сөздер "88-бабының бірінші бөлігінің в) және г) тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 10) 96-баптың екінші бөлігінде:
- ж) тармағы "ұйымдақсан" деген сөздің алдынан "адамдар тобы, алдын ала

сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармағы "не қарақшылықпен, қорқытып алушылықпен не бандитизммен ұштасқан" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 117-бапта:

бірінші бөлік "шектеуге" деген сөзден кейін "не алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "шектеуге" деген сөзден кейін "не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алуға" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "екі" деген сөз "үш" деген сөзben ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "алты" деген сөз "жеті" деген сөзben ауыстырылсын;

12) 120-бапта:

бірінші бөліктегі "алты" деген сөз "бес" деген сөзben ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "төрт" деген сөз "бес" деген сөзben ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "жеті" деген сөз "сегіз" деген сөзben ауыстырылсын;

13) 121-бапта:

бірінші бөліктегі "алты" деген сөз "бес" деген сөзben ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "төрт" деген сөз "бес" деген сөзben ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "жеті" деген сөз "сегіз" деген сөзben ауыстырылсын;

14) 122-бапта:

"немесе әйел мен әйелдің қатынасы" деген сөздер ", әйел мен әйелдің қатынасы немесе нәсіпқұмарлық сипаттағы өзге де әрекеттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 123-баптағы "бір жылға дейінгі" деген сөздер "екі жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 124-баптағы "үш" деген сөз "төрт" деген сөзben ауыстырылсын;

17) 134-бапта:

бірінші бөліктегі "ең төменгі" деген сөздер алып тасталсын:

екінші бөліктегі "бес" деген сөз "жеті" деген сөзben ауыстырылсын;

18) 136-баптың бірінші және екінші бөліктеріндегі "жұз жиырмадан" деген сөздердің алдынан "айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жұзге дейінгі мөлшерінде немесе сottalған адамның жалақысының немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңде тапқан өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 140-бап "жұз жиырмадан" деген сөздердің алдынан "айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жұзге дейінгі мөлшерінде немесе сottalған адамның жалақысының немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңде тапқан өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 148-баптың екінші бөлігі "айыруға" деген сөзден кейін "не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 164-баптың бірінші бөлігі "түзеу жұмыстарына" деген сөздерден кейін "не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 165-баптағы "мемлекеттік құпияны" деген сөздер "мемлекеттік құпияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 166-баптағы "мемлекеттік немесе әскери құпияны" деген сөздер "мемлекеттік құпияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 172 және 173-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"172-бап. Мемлекеттік құпияларды заңсыз алу, жария ету

1. Құжаттарды ұрлау, мемлекеттік құпияларды билетін адамдарды немесе олардың жақындарын сатып алу немесе қорқыту, байланыс құралдары арқылы қолға түсіру, компьютерлік жүйеге немесе желіге заңсыз кіру, арнайы техникалық құралдарды пайдалану жолымен, сол сияқты өзге де заңсыз әдіспен мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер жинау мемлекетке опасыздық немесе шпиондық белгілері болмаған жағдайда -

төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға немесе белгілі бір лауазымдарда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамның өзіне сеніп тапсырылған немесе қызмет немесе жұмыс бабымен мәлім болған мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуі, мемлекетке опасыздық белгілері болмаған жағдайда -

үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға немесе үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Адамның өзіне сеніп тапсырылған немесе қызмет немесе жұмыс бабымен мәлім болған қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуі, егер бұл ауыр зардаптардың тууына әкеп соқса, мемлекетке опасыздық белгілері болмаған жағдайда -

екі жүзден бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар ауыр зардаптарға әкеп соқса, -

ұш жылға дейінгі мерзімде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

173-бап. Мемлекеттік құпиялары бар құжаттарды, заттарды жоғалту

1. Адамның өзіне қызмет немесе жұмыс бабымен сеніп тапсырылған мемлекеттік құпиясы бар құжаттарды, сол сияқты олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияны құрайтын заттарды жоғалтуы егер аталған құжаттар немесе заттар оларды пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзудың салдарынан жоғалса және ауыр зардаптардың тууына әкеп соқса,-

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не ұш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не ұш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамның өзіне қызмет немесе жұмыс бабымен сеніп тапсырылған қызметтік құпиясы бар құжаттарды, сол сияқты олар туралы мәліметтер қызметтік құпияны құрайтын заттарды жоғалтуы, егер аталған құжаттар немесе заттар оларды пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзудың салдарынан жоғалса және ауыр зардаптардың тууына әкеп соқса, -

екі жуз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

25) 175-баптағы ескертулер мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Меншік құқығында ұйымға тиесілі немесе оның қарамағындағы бөтен біреудің

мұлкін ұрлау, алаяқтық жасау, иемденіп алу немесе ысырап ету жолымен жасалған ұсақ-түйек ұрлау қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды. Оны жасауға кінәлі адам занға сөйкес әкімшілік жауапқа тартылады. Егер ұрланған мұліктің құны әрекет жасалған кезде Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын болса, ұрлық ұсақ-түйек ұрлау деп танылады.";

26) 179-бапта:

екінші бөлігі г) тармақшасындағы "жасаған" деген сөзден кейін нұқтелі үтір қойылып, "қарақшылық" деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы д) тармағымен толықтырылсын:

"д) денсаулыққа ауыр зиян келтірумен жасалған қарақшылық -"

үшінші бөліктің б) тармағы "келтірумен" деген сөзден кейін ", абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан;" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 221-бапта:

бірінші бөлікте:

"қамауға, не" деген сөздерден кейін "екі жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салына отырып немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

"бір жылға" деген сөздер "екі жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"түзеу жұмыстарына, не" деген сөздерден кейін "үш жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салына отырып немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

"дәл осы мерзімге" деген сөздер "үш жылға дейінгі мерзімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 222-бапта:

бірінші бөлікте:

"қамауға, не" деген сөздерден кейін "үш жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салына отырып немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

"екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын:

екінші бөлікте:

"айыра отырып," деген сөздерден кейін "екі жұзден бес жұзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салынып не мұлкі тәркіленіп немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

"үш" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

29) 231-баптағы "Ескерту." деген сөзден кейін "1." деген цифрмен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Бұрын жасалған заңды әрекеттер үшін алдын ала уағдаластық болмаған жағдайда мүлікті беру немесе алу, мүліктік сипаттағы қызметтер көрсету немесе мұндай қызметтерді сыйлық немесе сыйақы ретінде пайдалану егер мүліктің немесе қызметтердің құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса, онша маңызды болмауы себепті қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік ретпен қудаланады.;"

30) 237-бапта:

бірінші бөліктегі "бес" деген сөз "сегіз" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "үш жылдан он жылға дейінгі" деген сөздер "алты жылдан он екі жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 251-бапта:

бірінші бөліктегі "үш" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "екі жылдан алты жылға дейінгі" деген сөздер "үш жылдан сегіз жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "үш жылдан сегіз жылға дейінгі" деген сөздер "бес жылдан он жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 252-бапта:

бірінші бөліктегі "үш" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "екі жылдан алты жылға дейінгі" деген сөздер "үш жылдан сегіз жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "төрт жылдан сегіз жылға дейінгі" деген сөздер "бес жылдан он жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 259-бапта:

баптың атауындағы "сатып алу" деген сөздер "иемденіп алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "сатып алу" деген сөздер "иемденіп алу, тасымалдау" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, ұқсату, тасымалдау, жөнелту немесе сату, өткізу мақсатында сатып алу немесе сақтау" деген сөздер "Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, ұқсату, жөнелту, өткізу, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды өткізу мақсатымен не өте ірі мөлшерде есірткі заттарға немесе жүйкеге әсер ететін заттарға қатысты жасалған әрекеттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды өткізу, дайындау, ұқсату,

жөнелту мақсатында заңсыз иемденіп алуды, тасымалдауды немесе сақтауды не өткізуді:

- а) алдын ала сөз байласқан адамдар тобы жасаса;
- б) әлденеше рет;
- в) есірткі заттарға немесе жүйкеге әсер ететін заттарға қатысты ірі мөлшерде жасаса

мұлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды өткізу, дайындау, ұқсату, жөнелту мақсатында заңсыз иемденіп алуды, тасымалдауды немесе сақтауды не өткізуді:

- а) ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) жасаса;
- б) олар өте ірі мөлшердегі есірткі заттарға немесе жүйкеге әсер ететін заттарға қатысты жасаса, -

мұлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

34) 263-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"263-бап. Улы заттардың, сондай-ақ есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды дайындауға немесе ұқсатуға пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы

1. Есірткі заттар немесе жүйкеге әсер ететін заттар болып табылмайтын улы заттарды не оларды дайындауға немесе ұқсатуға арналған құрал-саймандарды немесе жабдықтарды өткізу мақсатымен заңсыз дайындау, ұқсату, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту, сол сияқты заңсыз өткізу, -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды дайындау немесе ұқсату үшін пайдаланылатын заттарды, құрал-саймандарды немесе жабдықтарды өткізу мақсатымен заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту, сол сияқты заңсыз өткізу, -

алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, бір адамның немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобының осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген немесе әлденеше рет жасаған әрекеттері, -

бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Ұйымдасқан топ жасаған, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, -

жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

35) 265-бапта:

атауындағы ", күшті әсер ететін" деген сөздер алып тасталсын; бірінші және екінші бөліктердегі ", күшті әсер ететін" деген сөздер алып тасталсын; 36) 266-бапта:

баптың атауы ", есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алуға құқық беретін рецептерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алуға құқық беретін рецептерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

37) 270-бапта:

бірінші бөліктегі "үш" деген сөз "бес" деген сөзben ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "екі жылдан бес жылға дейінгі" деген сөздер "үш жылдан жеті жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 275-баптың бірінші бөлігіндегі "оларды" деген сез алып тасталсын;

39) 295-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекет, егер ол осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген зардалтардың тууына әкеп соқпаса да олардың тууына көрінеу қауіп төндірсе, -

бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға немесе бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

40) 307-бапта:

ескертудердің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттің функцияларын және мемлекеттік органдардың өкілеттігін тіkelей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленетін қызметі атқаратын, сол сияқты мемлекеттік қызмет туралы заңдарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің саяси қызметін атқаратын адамдар жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар деп түсініледі.";

41) 308-баптың үшінші бөлігі ", сол сияқты олар күш қолдану немесе

оны қолданамын деп қорқыту арқылы не қару немесе арнаулы құралдар қолдану арқылы жасалса," деген сөздермен толықтырылсын;

42) 311-бапта:

бірінші бөліктे:

екінші абзац "нақ" деген сөздің алдынан "мұлкі тәркіленіп немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

екінші абзац "үш жылдан" деген сөздердің алдынан "мұлкі тәркіленіп немесе онсыз" деген сөзben толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

екінші абзац "бес жылдан" деген сөздердің алдынан "мұлкі тәркіленіп немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:

"г) әлденеше рет";

"немесе онсыз" деген сөздер алып тасталсын;

43) 337-бапта:

бірінші бөліктегі "айыра отырып," деген сөздерден кейінгі "бір" деген сөз "үш" деген сөзben ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "айыра отырып," деген сөздерден кейінгі "үш" деген сөз "бес" деген сөзben ауыстырылсын;

үшінші бөлік "қамауға" деген сөзден кейін "не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

44) 348-баптың екінші бөлігі "прокурордың" деген сөзден кейін ", іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы маманның" деген сөздермен толықтырылсын;

45) 352-баптың екінші бөлігіндегі "бес жылға дейінгі" деген сөздер "үш жылдан сегіз жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

46) 362-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың сот белгілеген әкімшілік қадағалау ережелерін қасақана бұзыу, сол сияқты қадағалаудағы адамның тұрғылықты жерінен өз бетімен кетіп қалуы немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босағаннан кейін таңдал алған тұрғылықты жеріне әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатымен белгіленген мерзімде бармауы -

бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не төрт айдан алты айға

дайінгі мерзімге қамауға алуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

47) 386-баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтері бар құжаттарды жоғалту".

4. "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін қүшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Z970168_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 212-құжат):

4-бапта:

"қофамдық жұмыстарға тарту," деген сөздер алып тасталсын;

"Осы Кодекстің қофамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалау туралы ережелері 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қүшіне енеді." деген сөйлеммен толықтырылсын.

5. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970206_ Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат):

1) 33-баптың бірінші бөлігінде "120-бабында (бірінші бөлігінде), 121-бабында (бірінші бөлігінде), 296-бабында (бірінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;

2) 34-баптың бірінші бөлігінде:

"120-бабында (екінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;

"117-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде)," деген сөздерден кейін "120-бабында (бірінші бөлігінде), 121-бабында (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"229-бабында (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "296-бабында (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 37-баптың бірінші бөлігінің 6) тармағында "Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабында көзделген жағдайларда жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен ымыраласуы, сондай-ак" деген сөздер алып тасталсын;

4) 38-баптың бірінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот, прокурор, сондай-ак прокурордың келісімімен тергеуші немесе анықтау органды тиісті жағдаяттар болған кезде жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен ымыраласуына байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабында көзделген жағдайларда, сондай-ак Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде көзделген ақтамайтын өзге де жағдаяттар бойынша адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, қылмыстық істі қысқартуға құқылы.";

5) 40-бапта:

екінші бөлігінің 4) тармағындағы "тоқтатылған" деген сөз "бұзылған" деген сөзben ауыстырылсын;

бесінші бөлігіндегі "тоқтататын" деген сөз "жоятын", "тоқтатылған" деген сөз "бұзылған" деген сөзben ауыстырылсын;

6) 53-бапта:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Анықтау және алдын ала тергеу деректерінің құпиялышын сақтау тәртібі осы Кодекстің 205-бабымен белгіленеді.";

сегізінші бөлік алып тасталсын;

7) 56-баптың бірінші бөлігі "жасалған" деген сөздің алдынан "процеске қатысуышылармен" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 58-баптың бесінші бөлігі алып тасталсын;

9) 65-баптың екінші бөлігінің 4) тармағында "салық, қаржы зандарының, сондай-ақ лицензиялау туралы зандарды бұзуға байланысты қылмыстар туралы істер бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

10) 67-баптың үшінші бөлігінде "39" деген цифр "37" деген цифрен ауыстырылсын;

11) 73-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Кодекстің 71-бабының бірінші бөлігінің 2) - 4),

6) тармақтарында (айыпталушыны тұрақты сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберу кезінде) көзделген жағдайларда айыпталушының қорғаушыдан бас тартуын қылмыстық процесті жүргізуші органның қабылдауына болмайды";

12) 83-баптың үшінші бөлігінде "өзінің бастамашылығы бойынша сараптама жүргізу кезінде белгілі болған, іс үшін маңызы бар мән-жайларды қорытындыда көрсетуге" деген сөздер "сараптаманы тағайындаған органның (адамның) келісімі бойынша өз құзыреті шегінде тек алдына қойылған мәселелер бойынша ғана емес, сонымен бірге іс үшін маңызы бар және өз бастамашылығымен анықталған өзге мән-жайлар бойынша да қорытынды беруге" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 84-баптың екінші бөлігінде "көрсету арқылы істің материалдарына" деген сөздерден кейін "объектілердің толық немесе ішінара жойылуына не сыртқы түрінің немесе негізгі қасиеттерінің өзгеруіне әкеп соқпайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 96-бапта:

бірінші бөлікте:

- 2) тармақта "не маманға" деген сөздер алып тасталсын;
- 4) тармақтағы "байқалса" деген сөзден кейін нұктелі үтір қойылып, "қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды." деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 5) тармақпен толықтырылсын:
- "5) егер ол іске, осы Кодекстің 224-бабына сәйкес сот медицинасы саласындағы дәрігер-маман ретінде адамның мәйітін қарауға қатысу жағдайларын қоспағанда, маман ретінде қатысса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды.>";
- екінші бөлігінде "Егер ол осы іске маман ретінде қатысса, сарапшыға қарсылық білдіру үшін негіз болып табылмайды" деген сөздер алып тасталсын;
- 15) 110-бапта:
- бесінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:
- "5. Судьяның осы баптың ережелеріне сәйкес шығарған қаулысына ол жария етілген кезден бастап үш тәулік ішінде осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдар, жәберленуші және оның өкілі шағымдана алады, сондай-ақ судьясы қаулы шығарған сот арқылы облыстық және оған теңестірілген сотқа прокурор наразылық келтіре алады . Шағым беру немесе наразылық келтіру сезіктіні, айыпталушыны қамаудан босату туралы сот қаулысының орындалуын тоқтата тұрады. Шағымдану мерзімі өткеннен кейін шағым, наразылық білдірілген іс осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдарға және прокурорға бұл туралы хабарлана отырып, облыстық немесе оған теңестірілген сотқа жіберіледі. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы шағымды, наразылықты осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген ережелер мен мерзімді сақтай отырып қарайды және шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдырып, қалалық (аудандық) сот судьясының қаулысын күшінде қалдыру туралы; қалалық (аудандық) сот судьясы қаулысының күшін жойып, прокурор санкция берген бұлтартпау шараларын қалдыру немесе айыпталушының қамауда болу мерзімін ұзарту туралы; қалалық (аудандық) сот судьясының таңдаған бұлтартпау шараларының күшін жойып немесе оны барынша жұмсарту жағына қарай өзгерте отырып, олардың қаулысының күшін жою туралы шешімдердің біреуін шығарады. Облыстық немесе оған теңестірілген сот судьясының қаулысы түпкілікті болып табылады, шағымдануға және наразылық келтіруге жатпайды.
6. Шағымданудың немесе наразылық келтірудің осы баптың бесінші бөлігінде көзделген мерзімі біткен соң, не жоғары тұрған соттың судьясы істі қарағаннан кейін шағым жасалса немесе наразылық келтірілсе, судья қаулысының көшірмесі прокурор мен арызданушыға, ал сезікті, айыпталушы қамаудан босатылатын жағдайда - деру орындау үшін адамды қамауда ұстап отырған орынның әкімшілігіне жіберіледі.";
- жетінші бөлікте "Шағым" деген сөздің алдынан "Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардың" деген сөздермен толықтырылып, "Шағым" деген сөз "шағымы" деген сөзбен ауыстырылсын;
- 16) 137-бап "ұсталады." деген сөзден кейін "Қылмыс жасады деген сезікпен

ұсталған әскери қызметшілер мен жазасын бас бостандығынан айыру түрінде өтеп жүрген адамдар тиісінше абақтыларда және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындастын қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде де ұсталуы мүмкін. Осы Кодекстің 65-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда қылмыс жасады деген сезікпен ұсталғандар анықтау органының бастығы үйгарған арнайы бейімделген үй-жайларда ұсталады." деген сөйлеммен толықтырылсын;

17) 150-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Прокурордың қамауга алуға санкция беруден бас тартуына жоғары тұрған прокурорға шағым берілуі мүмкін. Прокурор осы бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беруден бас тартқаннан кейін, сондай-ақ осы Кодекстің

110-бабында көзделген тәртіппен судья бұл бұлтартпау шарасын бұзғаннан кейін нақ сол адамды, нақ сол іс бойынша қамауга алу жөнінде санкция беруді сұрап, прокурорға қайталап өтініш жасау сол адамды қамауга алу қажеттілігін негіздейтін жаңа мән-жайлар пайда болған кезде ғана мүмкін болады.;"

18) 158-баптың екінші бөлігінде:

"Келмеудің" деген сөз "Шақырту туралы тиісінше хабарланған адамның келмеуінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шашыру қағазын алмауы" деген сөздер алып тасталсын;

19) 165-баптағы "құқығынан айырмайды" деген сөздердің алдынан "және азаматтық талапкер деп тану туралы өтініш білдіру" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 184-бапта "жиырма төрт сағаттан" деген сөздер "үш тәуліктен" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 192-бапта:

екінші бөлікте:

"228-232" деген цифrlар "228, 229, 230-баптарында (екінші бөлігінде), 231, 232" деген сөздермен ауыстырылсын;

"295-бабында" деген сөзден кейінгі "(екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "210" деген цифр алып тасталсын;

22) 223-баптың төртінші бөлігіндегі "Негіздер болған кезде олар иесіне тегі мен сапасы жағынан бара-бар заттармен қайтарылады немесе иесіне оның құны төленеді"

деген сөйлем "Сақталуы айтарлықтай материалдық шығын жұмсауды қажет ететін заттай дәлелдемелер, егер иесіне қайтарылып берілуі мүмкін болмаса оның келісімімен алынған соманы қылмыстық процесті жүргізуші органның депозитіне сала отырып, зандарда белгіленген тәртіппен сатылады. Негіздер болған жағдайда пайдаланылған немесе сатылған заттай дәлелдемелер сол секілді және сондай сападағы заттармен қайтарылып беріледі немесе иесіне олардың құны төленеді." деген сөйлемдермен ауыстырылсын;

23) 241-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақпен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде өлім жазасы түріндегі жаза көзделген қылмысты жасаған айыпталушының психикалық жай-күйін";

24) 243-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот сараптамасын жүргізу:

сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне; лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асырып жүрген адамдарға; бір жолғы тәртіппен - осы Кодекстің 83-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сай келетін өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.;

25) 255-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қосымша сараптама қорытынды толық немесе жеткілікті түрде айқын болмаған, сондай-ақ осының алдындағы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажет болған жағдайда тағайындалады.";

үшінші бөлік "болған" деген сөзден кейін "не сараптаманы тағайындау мен жүргізудің іс жүргізу нормалары елеулі түрде бұзылған" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 268-бапта:

бірінші бөліктегі "тергеушінің" деген сөз "қылмыстық ізге тұсу органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Алдын-ала тергеу прокурордың немесе судьяның істі тоқтата тұру

туралы қаулының күшін жоюына байланысты қылмыстық ізге тұсу органының дәлелді қаулысымен де қайтадан басталады.";

27) 285-бапта:

екінші бөлікте:

"108" деген цифрдан кейінгі "(екінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;

"251" деген цифрдан кейін "(бірінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"252" деген цифрдан кейінгі "(бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "(бірінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"295 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;

"360," деген цифрдан кейін "362 (ушінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы бөліктегі "362" деген цифрдан кейін "(бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

28) 290-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

29) 292-баптың жетінші бөлігі "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты" деген сөздерден кейін "тиісті сот сатысында" деген сөздермен толықтырылсын;

30) 299-баптың екінші бөлігіндегі "осы Кодекстің 301-бабының талаптарын сақтай отырып" деген сөздер алып тасталсын;

31) 301-бапта:

бірінші бөлік "ұшін" деген сөзден кейін "іс сотқа түскен кезден бастап он тәулік ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің 1) тармағы "заңының" деген сөзден кейін "басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретіндей дәрежеде" деген сөздермен толықтырылсын;

32) 302-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Басты сот талқылауы тараптарға сот отырысының болатын орны мен басталатын уақыты хабарланған кезден бастап кемінде үш тәуліктен кейін және оның тағайындалуы туралы қаулы шығарылған кезден бастап он бес тәуліктен кешіктірілмей басталуға тиіс. Ерекше жағдайларда бұл мерзім судьяның қаулысымен ұзартылуы мүмкін, бірақ ол отыз тәуліктен аспауға тиіс.";

33) 303-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"303-бап. Қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтару

1. Судья істі тараптың өтініші бойынша:

1) егер ол қаралып отырған іспен байланысты болып, істе айыпталушыға басқа айып тағуға негіздердің болуы немесе егер олардың әрекеті қаралып отырған іспен байланысты болып, басқа адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіздер болса және жаңа адамдарға қатысты істі жеке қарау мүмкін болмаса;

2) айыптау актісінде көрсетілген айыптауды бастапқы тағылған айыптаудан неғұрлым ауыр немесе елеулі түрде өзгеше айыптауға өзгерту қажеттігі болған жағдайларда қосымша тергеуге жіберуге құқылы.

2. Судья істі алдын ала тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша тараптың өтініші

бойынша да, өз бастамашылығы бойынша да іс дұрыс біріктірілмеген немесе бөлінбеген, не басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық іс жүргізу заңын басқа да елеулі бұзушылық анықталған жағдайларда, басты сот талқылауын тағайындалмай-ақ істі қосымша тергеуге жіберуге құқылы.

3. Іс қосымша тергеуге прокурор арқылы жіберіледі. Бұл ретте судья қаулыда істің қандай негіз бойынша қайтарылып отырғанын көрсетуге, сондай-ақ айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешуге міндетті.";

34) 324-бап мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Іс осы Кодекстің 38-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша да басты сот талқылауында қысқартылуы мүмкін.";

35) 329-бап "тараптар" деген сөзден кейін ", сондай-ақ осы Кодекстің 328-бабының сегізінші бөлігінде көрсетілген өзге де адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

36) 330-баптың бірінші бөлігі "төрағалық етуші" деген сөздерден кейін ", ал ол ұзак уақыт бойы болмаған кезде осы соттың басқа судьясы" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 351-баптың екінші бөлігі "көрінеу жалған айғақтар бергені үшін жауаптылығын түсіндіреді." деген сөздерден кейін "Куәға, сондай-ақ осы Кодекстің 82-бабында көзделген оның басқа да құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі." деген сөйлеммен толықтырылсын;

38) 371-баптың бірінші бөлігінің 8) тармағы "босатуға" деген сөзден кейін "не қылмыстық жазаны өтеуді Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабында және 74-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда кейінге қалдыру туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

39) 375-баптың жетінші бөлігі "сот" деген сөзден кейін "істі тоқтатады немесе тараптардың өтініші бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

40) 380-баптың үшінші бөлігі "жаза тағайындалмай шығарылған" деген сөздерден кейін "немесе жазасын өтеуді кейінге қалдыру қолданылған" деген сөздермен толықтырылсын;

41) 388-баптың бірінші бөлігі мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Қажет болған жағдайда сот қылмыстың салдарынан жәбірленушінің ауыр жарақат алуына немесе қайтыс болуына байланысты оның қараусыз қалған кәмелетке толмаған балаларын, еңбекке жарамсыз ата-аналарын, қамқорлығындағы басқа да адамдарды орналастыру туралы, сондай-ақ жәбірленушінің мүлкі мен тұрғын үйін қорғау туралы қаулы шығарады.";

42) 393-баптың екінші бөлігіндегі "он" деген сөз "он бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 395-баптың бірінші бөлігі:

"тыстары" деген сөз "жақын тыстары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Іс, сондай-ақ осы Кодекстің 38-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер

бойынша да қысқартылуы мүмкін." деген сөйлеммен толықтырылсын;

44) 400-баптың бірінші бөлігі "судья" деген сөзден кейін ", ал ол ұзак уақыт бойы болмаған кезде осы соттың басқа судьясы" деген сөздермен толықтырылсын;

45) 402-баптың үшінші бөлігі "Прокурордың наразылығын жоғары тұрған прокурор да кері қайтарып алуы мүмкін." деген сөздермен толықтырылсын;

46) 403-баптың екінші бөлігінде:

"қатысты" деген сөздің алдынан ", осы Кодекстің 10-бабының екінші бөлігінде көрсетілген мәселелерге" деген сөздермен толықтырылсын;

бұлтартпау шараларын тандауға, өзгертуге немесе жоюға" деген сөздер алып тасталсын;

47) 404-баптың екінші бөлігіндегі "осы Кодекстің 417-бабының үшінші бөлігінде" деген сөздер "осы Кодексте" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 426-баптағы "ұйғарымы бойынша" деген сөздер "қаулысымен" деген сөзben ауыстырылсын;

49) 428-баптың үшінші бөлігі "Прокурордың кассациялық сатыдағы сот отырысына қатысуы міндетті." деген сөйлеммен толықтырылсын;

50) 430-бапта:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Баяндамашы-судьяның хабарламасынан кейін сотталған немесе ақталған адамға, оның қорғаушысына, жәбірленушіге және оның өкіліне, жеке айыптаушыға, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, егер бұл адамдар кассациялық сатының отырысына қатысып отырса, сондай-ақ прокурорға іс бойынша өздерінің позицияларын баяндау үшін сөз беріледі. Сөз сөйлеу кезектілігін сот істі қарауға қатысушы тараптардың пікірлерін ескере отырып белгілейді.";

жетінші болік "Судьялардың кеңесуінің және шешімдер қабылдауының тәртібі осы Кодекстің 370 және 373-баптарының ережелерімен белгіленеді." деген сөйлеммен толықтырылсын;

51) 431-бапта:

5) тармақтағы "бірінші бөлігінде" деген сөздер "бірінші және екінші бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақпен толықтырылсын:

"6) осы Кодекстің 387-бабында көрсетілген мән-жайлар анықталған кезде жеке қаулы шығарады.";

52) 432-баптың 1) тармағындағы "анықтаудың, алдын-ала немесе" деген сөздер алып тасталсын;

53) 433-бапта:

атауындағы "Анықтаудың, алдын-ала немесе" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктегі "қалдырған анықтау, алдын-ала немесе сот тергеуі" деген сөздер "қалдырған сот тергеуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"анықтау, алдын-ала немесе" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақтағы "қосымша тергеу жүргізуге немесе" деген және "немесе судьяның" деген сөздер алып тасталсын;

54) 439-баптың екінші бөлігіндегі "ақталушының кінәсіздігі" деген сөздерден кейін "немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге шешімнің мәні" деген сөздермен толықтырылсын;

55) 443-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот осы баптың бірінші бөлігінің талаптарын сақтай отырып қаулының қорытынды бөлігін шығара алады. Бұл жағдайда қаулының дәлелді бөлігін судьялар жеті күн мерзім ішінде әзірлейді және оған қол қояды.";

56) 444-баптың бірінші бөлігі "Істі қосымша тергеуге жіберу кезінде кассациялық сатыдағы қаулы іспен бірге тиісті прокурорға жіберіледі. Бұл жағдайда үкімді шығарған сотқа кассациялық сот қаулысының көшірмесі жіберіледі." деген сөйлемдермен толықтырылсын;

57) 453-бап мынадай мазмұндағы 13) тармақпен толықтырылсын:

"13) сотталған адамның қайтыс болуына байланысты іс жүргізуді қысқарту туралы";

58) 461-баптың екінші бөлігіндегі "бір ай" деген сөздер "алты ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

59) 467-бапта:

бірінші бөлік "Прокурордың қадағалау сатысының сот отырысына қатысуы міндетті ." деген сөйлеммен толықтырылсын;

алтыншы бөлік "нәтижесінде сот" деген сөздерден кейін "осы Кодектің 370 және 373-баптарының талаптарын сақтай отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

60) 507-баптың бірінші бөлігіндегі "тыйым салу" деген сөздер "бұлтартпау" деген сөзбен ауыстырылсын;

61) 509-баптың бірінші бөлігіндегі "Тыйым салу" деген сөздер "Бұлтартпау" деген сөзбен ауыстырылсын;

62) 514-бапта:

үшінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі "тоқтату" деген сөз "қысқарту" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші бөлігінің 3) тармағындағы "тоқтатады" деген сөз "қысқартады" деген сөзбен ауыстырылсын;

63) 518-бап "Осы Кодектің 511-бабына сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адам соттың іс қарауына қатысқан жағдайда ол, егер сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысы бойынша оның ауруының сипаты мен ауыртпалығы бұған бөгет жасамаса, сот қаулысына шағымдануға құқылы." деген сөйлеммен толықтырылсын.

6. "Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексін күшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970207_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 336-құжат):

5-баптағы "2000 жылғы 1 қаңтардан" деген сөздер "2003 жылғы 1 қаңтардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Z980279_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 221-құжат):

1) 1-баптың 6) тармақшасы ". Тізімге заңсыз сақталуда жатқаны немесе айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды шағын, ірі және өте ірі мөлшерге жатқызу туралы Жиынтық кесте енеді; " деген сөйлеммен толықтырылсын;

2) 2-баптың 2) тармағы "Қазақстан Республикасында бақылауға жататын" деген сөздерден кейін ", заңсыз сақталуда жатқаны немесе айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды шағын, ірі және өте ірі мөлшерге жатқызу туралы Жиынтық кестені қамтитын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Есірткі және психотроптық заттарды, прекурсорларды

сараптама және криминалистика қызметінде пайдалану

Осы Заңың 18-бабында көрсетілген лицензиясы бар занды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген сот-сараптама қызметін жүзеге асырудың өзге де талаптары сақталған жағдайда есірткі заттар мен прекурсорларды пайдалана отырып не соңғысын анықтау үшін сараптама жүргізуге рұқсат етіледі. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды пайдалана отырып не соңғыларын анықтау үшін сот сараптамасы мемлекеттік органдының сараптама жүргізуі, сондай-ақ ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының жедел-криминалистік бөлімшелерінің криминалистік зерттеулер жүргізуі лицензиялаусыз жүзеге асырылады";

4) 26-баптың тақырыбындағы "зандастыру" деген сөз "зандастыру үшін жауаптылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 30-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымы нәтижесінде алынған кірістерді зандастыру (ізін жасыру) мақсатында занды тұлғаның қаржы операциясын жүзеге асыру фактісі анықталған жағдайда аталған занды тұлға сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін, ал оның басшылары Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар, осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа заңды тұлғаны тарату туралы талап-арыз қоюға құқылы.".

8. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970208_ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат):

1) 69-бапта:

4-тармақ "жазасын өтейді" деген сөздердің алдынан "және қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары немесе бас бостандығын шектеу алты айға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта:

"мәжбүрлеп" деген сөзден кейін "және міндettі" деген сөздермен толықтырылсын;

"1 және 3-тармақтарында" деген сөздер "1 және 4-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 97-баптың 2-тармағы "мәжбүрлеп" деген сөзден кейін "және міндettі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 111-баптың 1-тармағының үшінші абзацындағы "екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерінде тәртіптік айыппұл;" деген қазақша мәтіндегі тіркес дұрыс;

4) 169-баптың 10-тармағы алып тасталсын;

5) 171-бапта:

1-тармақтағы "сот" деген сөзден кейін "тиісінше бір жылға дейінгі мерзімге немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "сottalған әйелді босату туралы ұсыныс" деген сөздер "сottalған әйелге жазаны қолдануды кейінге қалдыру туралы ұсыныс немесе оның тиісті өтінішін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ұсынысқа" деген сөз "Оған" деген сөзben ауыстырылсын.

9. "Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексін күшіне енгізу

туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы

Z970209_

Қазақстан Республикасының

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 338-құжат):

4-бапта:

"қоғамдық жұмыстарға тарту," деген сөздер алып тасталсын;
"Осы Кодекстің қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалау туралы
ережелері 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді." деген сөйлеммен
толықтырылсын.

10. "Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексін күшіне
еңгізу туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі

Z990412_

Қазақстан Республикасының
Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18,
645-құжат):

4-баптағы "2000 жылғы 1 қаңтардан" деген сөздер "2003 жылғы
1 қаңтардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.